

6D071800 "Электр энергетикасы" мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесіне ұсынылған «Серпімді байланыстарды есепке алып, қатпарлы конвейердің бір-бірімен байланысты көп қозғалтқышты, жиіліктік реттелетін электр жетегін зерттеу және құрастыру» тақырыбына  
Келисбеков Адильбек Казбекұлының  
докторлық диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

А.К. Келисбеков докторантурада оқып жүрген кезінде өзін бастамашыл, жұмысқа қабілеті жоғары және шығармашылық зерттеуші ретінде көрсетті. Ол үш жыл бойы, айтарлықтай күрделі, яғни қиын тау-технологиялық жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті қатпарлы конвейердің көп қозғалтқышты жиіліктік-реттелетін электр жетегін жасау сияқты ғылыми мәселені шешумен айналысты.

Диссертациямен жұмыс жасау барысында ізденуші, өзін ғылыми жұмыстың мақсаты мен идеясын сауатты тұжырымдай алатын, содан кейін оларды жүзеге асыруды тұрақты түрде қадағалай алатын, зерттеу процесінде қойылған міндеттерді дәйекті және сапалы шеше алатын өте жетілген және құзыретті ғалым ретінде көрсетті.

А.К. Келисбеков алған теориялық және практикалық нәтижелер зерттеу тақырыбын терең түсінуге, талдауға және қойылған ғылыми мақсаттарға қол жеткізу үшін математикалық және компьютерлік әдістерді сәтті қолдануға, деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдана отырып, алынған нәтижелерді сауатты өңдеуге және түсіндіруге қабілеттілігі, автордың жоғары біліктілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ізденуші жүргізген зерттеудің құндылығы бірқатар себептерге байланысты күмән тудырмайды, олардың негізгілеріне мыналар жатады. Пайдалы қазбаларды ашық әдіспен игеру жағдайында тау-кен жұмыстарын жүргізу тәжірибесі көрсеткендей, карьерлердің тереңдігі ұлғайған кезде қолданылатын циклдік технология өндірудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауына әкеп соқтырады, ал таспалы конвейерлерді пайдалану жоспарда қисайған трассаның және еңістің үлкен бұрыштарының болуына байланысты өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты, жоғарыда аталған жағдайларда, қатпарлы конвейерлерді пайдалана отырып, циклдік-ағындық технологияларды қолдану, олардың құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты сөзсіз өзекті болып табылады.

Ұзын магистральдық қатпарлы конвейерлерді пайдалану көп жетекті схема бойынша жүзеге асырылады, сонымен бірге айтарлықтай динамикалық жүктемелерге байланысты тізбекті көлік құралын біргіндеп іске қосу, сондай-ақ қайта тиеусіз жеткізу схемасы кезінде электр жетектер арасындағы жалпы жүктемені автоматты түрде бөлу мәселесі практикалық маңызды мәселе болып табылады.

Осыған байланысты, диссертант көп жетекті қатпарлы конвейерлерді құрастыру және пайдалану саласындағы зерттеулерді талдау негізінде

біртіңдеп іске косуды қамтамасыз ету үшін техникалық шешімдерді және қатпарлы конвейердің көп қозғалтқышты асинхронды жиіліктік реттелетін электр жетегін, оның тартқыш-тасымалдаушы органының алдын ала босансуын ескере отырып, басқару әдісін ұсынды.

Сонымен қатар, Келисбеков А.К. конвейердің жиіліктік реттелетін жетектері арасындағы жүктемелерді басқару және бөлу тәсілін, оның тарту органының нақты жүктелуін ескере отырып ұсынды.

Жұмыста келтірілген ғылыми ережелер мен қорытындыларды ізденуші теориялық және эксперименттік зерттеулердің жеткілікті көлемі негізінде алды. Диссертациялық жұмысты орындау кезінде А.К. Келисбеков көп жетекті қатпарлы конвейер жұмысына жүйелі талдау және математикалық модельдеу жүргізді. Ізденуші ұсынған техникалық шешімдердің практикалық маңыздылығы мен жаңалығы пайдалы модельге 3 (үш) патентпен расталады. Бұдан басқа, диссертант "Разрез Молодежный" ЖШС-дан диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу актілерін алды, онда ашық тау-кен жұмыстары жағдайында диссертация нәтижелерін практикалық пайдалану ұсынылады.

Теориялық есептеулердің біркелкілігін ізденуші Matlab Simulink-Math Operations бағдарламалық ортасында әзірленген блок - схемалар мен алгоритмдер негізінде тексерді. Компьютерлік модельдеу нәтижелері математикалық жолмен алынған және эксперименттік стендтерде тексерілген модельдердің жеткілікті сәйкестігін көрсетті.

Диссертацияның нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған баспа басылымдарында, халықаралық конференциялардың еңбектерінде, сондай-ақ жоғары рейтингті шетелдік және отандық журналдарда қажетті апробацияға ие.

А.К. Келисбековтың диссертациялық зерттеуі жеткілікті жоғары ғылыми деңгейде орындалған дербес ғылыми-біліктілік жұмысы болып табылады. Ізденушінің жеке қасиеттері, оның зерттеудің пәндік саласында алған кәсіби құзыреттілігі, орындалған зерттеу жұмысының көлемі, алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы Келисбеков Адильбек Казбекұлын, оған 6D071800 – "Электр энергетикасы" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

**Ғылыми кеңесші,  
ЖШС "Қазақмыс Корпорациясы»  
қызметкерлер Қызметінің  
Корпоративтік университет  
басшысы,  
техника ғылымдарының докторы**



**Данияров Н.А.**